

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»
пәні бойынша
«Апелляциялық сатыда іс жүргізу»
тақырыбында әзірленген
ДӘРІС**

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «___»_____№__хаттама.**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Апелляциялық сатыда іс жүргізудің мәнісі мен маңызы.
2. Сот актілерін апелляциялық шағымдау және наразылық келтіру құқығы.
3. Апелляциялық сатыда істерді қарастырудың процессуалдық тәртібі және мерзімдері.

Нормативтік құқықтық актілер

Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

Азаматтық істер бойынша сот әділеттілігіне деген құқық әрбір азаматқа тиесілі болып келеді (Қазақстан Республикасының Конституциясы 1 бап). Біздің елімізде сот әділеттілігі тек сотпен ғана жүзеге асырылады. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бас бостандығын және заңды мүдделерін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституция қағидаларының орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Апелляциялық шағымдану және наразылық білдіру институтының мәні тек бірінші сатыдағы соттардың шешімдерінің заңдылығын және негізділігін тексерумен шектелмейді, сонымен қатар жоғары тұрған сотпен істі дұрыс шешу үшін қайта қарауда¹.

Азаматтық істерді қарастыру барысында кемшіліктер жіберілуі мүмкін, сотпен заңдар дұрыс қолданылмауы мүмкін, негізсіз дәлелдемелер қолданылуы мүмкін. Осыған орай, тараптардың құқықтық ара қатынасын белгілейтін сот шешімдері материалдық әділеттілікке сай болмауы мүмкін, сол себепті заң мүдделі тұлғаларға шешімді жоғары тұрған сатыдағы сотқа шағымдануға құқы береді².

¹ *Акимбаева С.А.* Институт апелляции в гражданском процессе. Дисс. на соис. уч. степ. канд. юрид. наук. Алматы, 2002 ж.

² *Яблочков Т.М.* Бремя утверждения в гражданском процессе. – Петроград, 1916.

1. Апелляциялық іс жүргізудің мәні және маңызы

Апелляциялық шағымдану және наразылық білдіру институтының мәні тек бірінші сатыдағы соттардың шешімдерінің заңдылығын және негізділігін тексерумен шектелмейді, сонымен қатар жоғары тұрған сотпен істі дұрыс шешу үшін қайта қарауда³.

Азаматтық істерді қарастыру барысында кемшіліктер жіберілуі мүмкін, сотпен заңдар дұрыс қолданылмауы мүмкін, негізсіз дәлелдемелер қолданылуы мүмкін. Осыған орай, тараптардың құқықтық ара қатынасын белгілейтін сот шешімдері материалдық әділеттілікке сай болмауы мүмкін, сол себепті заң мүдделі тұлғаларға шешімді жоғары тұрған сатыдағы сотқа шағымдануға құқы береді⁴.

Тараптардың арасындағы құқықтық қатынастарды негіздейтін соттық шешімдер материалдық мүддеге жауап бермеуі мүмкін, сол себепті де заң тиісті тұлғаларға шешімді жоғарғы тұрған инстанцияға шағымдануға құқық береді (Т.М.Яблочков).

Шағымдану (наразылық келтіру) құқығының тиісті түрде жүзеге асырылуы өз алдына бірінші инстанция сотының заң күшіне енбеген шешімдерінің және ұйғарымдарының заңдылығы мен негізділігін тексеру мақсатында қайта қарауды тудырады. Бұл заңнамалық актілермен бекітілген әдістер арқылы азаматтық істерді қарастыру мен шешуде бірінші инстанциялық сотпен жіберген кемшіліктерді түзеуге мүмкіндік береді. Осы әдістердің біріне апелляциялық өндіріс жатады.

Апелляциялық инстанция сотында істі қарауды ҚР АІЖК азаматтық процессуалдық заңнаманың маңызды институты ретінде қараумен бірге, азаматтық процестің жеке институты деп қарастырады.

Апелляциялық шағымданудың бірнеше маңызды тұстарын атап өту қажет, оларға:

1) апелляция институты соттық қорғау құқығын жүзеге асыруды кепілдендіруге мүмкіндік береді, себебі іс жан-жақты қайта қаралады.

2) апелляция институты соттық әділеттілікті жүзеге асыруда белгілі бір жылдамдық пен нақтылыққа қол жеткізеді.

3) апелляция институты біртекті сот тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, себебі, апелляциялық сот актілері бірінші сот сатысы үшін бағдар болып табылады.

³ Акимбаева С.А. Институт апелляции в гражданском процессе. Дисс. на соис. уч. степ. канд. юрид. наук. Алматы, 2002 ж.

⁴ Яблочков Т.М. Бремя утверждения в гражданском процессе. – Петроград, 1916.

Апелляциялық институт бірінші сатыдағы заң күшіне енбеген сот шешімдері мен ұйғарымдарының заңдылығын және негізділігін тексеру бойынша апелляциялық соттың қызметін реттейтін азаматтық-процессуалдық нормалардың жиынтығы.

Апелляциялық өндіріс **іс жүргізудің деңгейі ретінде** – жеке мақсатқа қол жеткізуге бағытталған белгілі бір шеңбердегі процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бөлігі.

Апелляциялық шағымдану институты келесі мақсаттарды көздейді:

1. бірінші инстанция бойынша заңды күшіне енбеген сот шешімдерімен ұйғарымдарының заңдылығын және негізділігін тексеру;

2. бірінші инстанция соттарының дұрыс шешімдерді шығаруын қамтамасыз ету;

3. іске қатысатын тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауына кепілдік беру.

Апелляциялық шағымдану институтының **негізгі мақсаты** бірінші сатыдағы соттың істің нақты мән-жайын дұрыс анықтау жолымен қайта қарау, материалдық құқықтың нормаларын қолдану және түсіндіру, істерді қарастыру мен шешуде азаматтық процессуалдық құқықтың нормаларын сақтау табылады.

Апелляциялық сатыдағы сот мәлімделген талап қою шегінде жаңа фактілерді анықтап, тараптың дәлелді себептер бойынша бірінші сатыдағы сотқа беруге нақты мүмкіндігі болмаған жаңа дәлелдемелерді зерттей алады (ҚР АЖК 345 б. 2 б.). Апелляциялық соттың бірінші сатыдағы соттың істі дұрыс шешілгендігін тексеру құқығы, сонымен бірге жаңа дәлелдемелерді зерттеу мен бағалау арқылы жаңа фактілерді анықтауы апелляциялық сатының істі жаңадан қарастыру және шешім шығару деп қарастыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп апелляция сатысы істі мәні бойынша қайта шешу болып табылады (Е. А. Борисова).

Апелляциялық саты апелляциялық шағымның шегінде шешімнің заңдылығын және негізділігін тексереді. Істі толық көлемде тексеру және шағымның шегінен шығу заңдылыққа сай жүзеге асырылады (АЖК 345 б. 1 т.).

Апелляциялық өндіріс сатысында пайда болатын азаматтық процессуалдық құқықтық қатынастарда сот әділдігі келесі жолдар арқылы қамтамасыз етіледі:

1. қайта қарау барысында дұрыстығы анықталып, шағымдалған және наразылық келтірілген шешімдердің заңдылығы мен негізділігін тану;

2. сот өндірісін ішінара немесе толығымен істің мән-жайына (бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгерту немесе жаңа шешім қабылдау) жетіп аяқтау;

3. істің мән-жайына жетпей өндірісті аяқтау (оны тоқтату немесе арызды қараусыз қалдыру);

4. бірінші сатыдағы соттың заңсыз шешімдерін жою және істі жаңадан қарауға бағыттау.

Процестің осы деңгейі азаматтық процессуалдық құқылық қатынастардың өзіндік субъектілік құрамымен ерекшеленеді. Апелляциялық өндіріс дең-

гейінде азаматтық құқықтық қайтнастар апелляциялық сатыдағы сот және апелляциялық өндірістің әрбір қатысушысы арасында пайда болады. Апелляциялық сатыдағы сот ретінде облыстық және оларға теңестірілген соттар танылады (ҚР АІЖК 333 б. 1 т.).

Сонымен, қазіргі кездегі апелляциялық шағымданудың, наразылық келтірудің мәнісін ашатын негізгі келесі ерекшеліктері бар:

1. апелляциялық шағымданудың, наразылықтың пәні болып заңды күшіне енбеген бірінші сатыдағы соттың шешімдері мен ұйғарымдары табылады;

2. екінші сатыдағы соттардың жүйесі республиканың әкімшілік бөлінісіне сай болады. Апелляциялық тәртіптегі іс бірінші саты бойынша істі қарайтын сотқа қарағанда бірі саты жоғары тұрған сотпен қаралады;

3. екінші сатыдағы сот тек шағымданатын және наразылық келтірілетін шешімнің заңдылығын ғана емес, оның негізділігін де тексереді;

4. апелляциялық сатыдағы сот кейбір жағдайларда іс бойынша жаңа шешім шығаруға дейінгі кең өкілеттіктерге ие, дегенменде, ол әрқашанда бақылаушы соттық орган болып табылады.

2. Сот актілерін апелляциялық шағымдау және наразылық келтіру құқығы

Іске қатысушы тұлғалар өздерінің сот шешімдері мен ұйғырамдарына шағымдану (наразылық келтіру) құқығын апелляциялық шағым немесе наразылық беру жолымен жүзеге асырады.

Шағым немесе наразылық беру маңызды құқықтық салдарға әкеледі. Ол екінші сатыдағы соттың заңды күшіне енбеген бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін тексеру құқығы мен міндетін туындататын процессуалдық әрекет болып табылады. Шағым немесе наразылық беру шешімнің заңды күшіне ену мерзімі және оның мәжбүрлі орындалу мүмкіндігін кейінге қалдырады (жедел атқарылуға жататын жағдайларды ескермегенде).

Апелляциялық шағымдану құқығы дегеніміз – бұл заңдық күшіне енбеген бірінші сатыдағы сот шешімін тексеру бойынша апелляциялық соттың қызметін қозғау құқығы.

Көрсетілген құқық соттық қорғану үшін жүгіну құқықтарының бір түрі ретінде қарастырылады.

Шағымдану немесе наразылық келтіру құқығын жүзеге асырудағы негізгі шарттар:

1. шағымды (наразылықты) беру үшін бекітілген апелляциялық мерзімді сақтау;
2. шағымды немесе наразылықты апелляциялық шағымды не наразылықты беруге құқылы тұлғаның беруі;
3. заңға сәйкес шағымдалу мен наразылық беруге жататын шешімге (наразылыққа) беру.

Апелляциялық шағымдану (наразылық келтіру) құқығының пайда болуы үшін шағымдануға (наразылық келтіруге) құзіреттілігі бар тұлға бірінші сатыдағы сот шешім дұрыс емес деп тануы жеткілікті. Бірақта апелляциялық сот бірінші сатыда басталған өндіртін жалғасы емес. Заңй тұжырымдамалар апелляциялық сатыдағы сот өндірісінің дербестігін бекітеді. Себебі, объектісі бірінші сатыдағы сот өндірісінің объектісінен ерекшеленеді⁵.

Апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізуде қалыптасатын азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастар процессуалдық құқық қатынастар жүйесінде екінші қайтара қатынастар болады, себебі бірінші сатыдағы сотта істі қарастырудан кейін пайда болады және бастапқы қатынастар оларға заңдық негіз ретінде есептеледі. (В.С.Калмацкий, С.Ю.Кац). Олардың өзінділігі бірінші сатыдағы сот актісінің заңдылығы мен негізділігін тексерудегі сот дербестігі мақсатымен негізделеді.

Апелляциялық шағымданудың (наразылық келтірудің) объектісі ретінде апелляциялық тәртіп бойынша шағымдануға (наразылық келтіруге) жататын заңды күшіне енбеген соттың шешімдері табылады (ҚР АЖК 332 б. 1 т.).

Осы арада апелляциялық соттың келесі соттар шығарған шешімдерінің заңдылы мен негізділігін тексеруге құзіреттілігі бар:

⁵ Проверка судебных решений в социалистическом гражданском процессе / Отв. ред. В.М.Савицкий. – М.: Наука, 1989. 97 б.

1. аудандық соттар
2. аудандық соттарға теңестірілген соттар. (ҚР АІЖК 333 б.).

Бұрынғы заңнама бойынша келесі соттар шығарған шешімдерінің заңдылы мен негізділігін тексеруге құзіреттілігі болған:

1. аудандық және оларға теңестірілген соттардың;
2. мүліктік дауларды қарастыру нәтижесі бойынша;
3. тараптар ретінде заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, заңды тұлғалар;
4. талап арызының құны бес айлық есептік көрсеткіштертен аспайтын (ҚР АІЖК 333 б. 1 т.).

Апелляциялық шағымданудың объектісі ретінде соттың шешімі толығымен немесе оның бір бөлігі есептеледі (ҚР АІЖК 335 б. 1 т. 6 тармақшасы).

Сонымен бірге, апелляциялық шағымдану мен наразылық келтірудің объектісі ретінде қосымша шешімдерде табылуы мүмкін (ҚР АІЖК 231 б. 2 т.). Қосымша шешімдер негізгі шешіммен бірге де жеке де шағымданылуы мүмкін.

Апелляциялық шағымдар мен наразылықтар облыстық және оларға теңестірілген соттарға беріледі (ҚР АІЖК 333 б. 1 т.).

Апелляциялық шағымдану (наразылық келтіру) құқығының субъектілері дегеніміз – бұл, апелляциялық шағым беруге немесе апелляциялық наразылық келтіруге құқығы бар тұлғалар (ҚР АІЖК 332 б. 2-4 т.). Жоғарыда көрсетілген ҚР АІЖК осы нормаларына сәйкес – осы құқықтарға иеленетін тұлғалардың шеңбері кең.

Біріншіден, шағым беру құқығына тараптар мен бірге іске қатысушы басқа да тұлғаларда иемденеді. Іске қатысушылардың құрамы ҚР АІЖК 44 бабымен негізделеді. Апелляциялық шағымдану құқығына іске шынайы қатысқан тұлғалармен бірге қатыспаған тұлғаларда иемденеді (мысалға, олар өз сотта өкілдік етушілері арқылы әрекет еткен болса, немесе істі қарастыру арызы оларсыз берілді).

Екіншіден, ҚР АІЖК 54 бабына сәйкес дау пәні бойынша дербес талап қоюшы тараптардың және үшінші тұлғалардың құқықтық мирасқорлары процестен шыққан тараптардың орнын ауыстырған сәттерде заңда бекітілген негіздерге сай апелляциялық шағымды бере алады.

Үшіншіден, сотта өкілдік етушілер соттың шешімінен наразылық келтіре алады, егер оған тиісті құзіреттілігі дұрыс рәсімделген болса (ҚР АІЖК 61 және 62 б.б.).

Төртіншіден, іске қатыспаған, бірақта олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты сот шешімі қабылдаған тұлғаларға заң апелляциялық шағым беру құқығын берген. Себебі, осы жағдайда аталған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері соттың әрекетімен бұзылып немесе қозғалып отыр. Осыған орай, **шағым беру** – бұл, аталмыш тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін соттың заңсыз әрекеттерінен қорғану әдісі деп қарастырылады. ҚР АІЖК 366 бабының 1 тармағының 4 тармақшасында сот іске қатысушыға тартылмаған адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселелерді шешкенде сот шешімінің күші жойылуыға тиіс делінген.

Бесіншіден, апелляциялық наразылық беру құқығы істі қарастыруға қатысқан прокурорға берілген. Бас прокурор, оның орынбасарлары, облыс прокурорлары және олардың орынбасарлары өз құзіреттілік шегінде іске қарастыруға қатыспағандығына қарамастан сот шешімен наразылық бере алады.

Сот шешімін апелляциялық шағымдау немесе наразылық беру құқығы заңды күшіне енбеген бірінші сатыдағы соттың шешімін тексеру үшін екінші сатыдағы сот қызметін қозғауға құқық болып табылады. Шағымдау құқығы іске қатысушы тұлғаларда, ал наразылық беру құқығы – прокурорда сот шешімін жариялаған сәттен бастап заңмен белгіленген мерзім ішінде (15 күн) апелляциялық шағым немесе апелляциялық наразылық беру жолымен жүзеге асырылады.

Апелляциялық шағымдау объектісі болып Жоғарғы Соттың шешімінен басқа, заңды күшіне енбеген бірінші сатыдағы соттың актісі табылады.

Сот шешімінің заңдылығы мен негізділіген апелляциялық тәртіпте тексеру бойынша өндіріс пайда болуы үшін тек қана шешімді шағымдау құқығы жеткіліксіз. Оның туындауы үшін заңды фактілердің жиынтығы қажет. Олар:

1. іске қатысушы тұлғалардың сотқа заңмен белгіленген талаптарға сай шағыммен жолдануы;
2. апелляциялық шағыммен жолданғанда шешімге шағым келтірудің мерзімдерін сақтау;
3. соттың шешіміне шағым келтірген тұлғаның процессуалдық әрекет қабілеттілігі.

Егер осы үш талапты шағыммен арыздануда сақтаса, іске қатысушы тұлғалар апелляциялық тәртіпте шешімді қайта қарау құқығын жүзеге асыра алады.

Сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы іске қатысушы тараптар мен басқа да тұлғаларға тиесілі (ҚР АІЖК, 33 бап).

Заңды күшіне енбеген шешімге наразылық білдіру құқығы прокурорға және оның орынбасарларына тиесілі, өздерінің құзыреті шегінде істі қарауға қатысуына қарамастан сот шешіміне наразылық келтіруге құқылы. Прокурордың көмекшілері, басқарма және бөлім прокурорлары тек қана өздері қатысқан істер бойынша наразылық келтіре алады (ҚР АІЖК 332 бап 3-тармақша).

Апелляциялық шағымдану - жоғары тұрған соттың құқықтары мен міндеттерін туындататын заңдық күшіне енбеген шешімдерді тексерудегі қажетті және бір ғана процессуалдық әрекет.

3. Апелляциялық инстанцияда істерді қарастырудың процессуалдық тәртібі және мерзімдері

ҚР АІЖК 338 бабына сәйкес, екінші сатыдағы сот, егер шағым уақытылы немесе өткізіп алған мерзім қалпына келтірілгенде берілсе, шағымды өндірісіне алуға міндетті. Апелляциялық сатыдағы судья апелляциялық шағымдар немесе наразылықтар түскеннен кейін, апелляциялық шағым немесе наразылықтың мазмұнын ескере отырып, 10 күн ішінде ҚР АІЖК-нің 170 бабы бойынша сот талқысына әзірлікті жүргізеді және істі сот талқысына тағайындайды. Апелляциялық сатыдағы сот іске қатысушы адамдарды істі апелляциялық сатыда қараудың орны мен уақыты туралы тиісінше хабардар етуге міндетті (ҚР АІЖК 338 бап).

Іс апелляциялық сатыға бірінші сатыдағы соттан келіп түскен күннен бастап бір айлық мерзімнен кешіктірілмей қаралуға тиіс. Апелляциялық сатыдағы соттың мәжілісі ҚР АІЖК 41 бөлімінде бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Екінші сатыдағы сот талқысы бірінші сатыдағыдан қарағанда мақсаттардың әртүрлі болуына байланысты ерекшеленеді:

- бірінші сатыдағы сот азаматтық-құқықтық дауды барлық дәлелдемелерді зерттеу арқылы мән-жайларды анықтау және тиісті заңдарды қолданудың негізінде азаматтық-құқықтық дауларды шешеді;

- екінші сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың шешімінің заңдылығы мен негізділігін іске байланысты тапсырылған қосымша мәліметтердің негізінде тексереді.

Апелляциялық сатыдағы сот талқысын реттейтін ҚР АІЖК нормаларына сәйкес, сот мәжілісін бірнеше кезеңдерге бөлуге болады:

1) әзірлеу кезеңі;

2) іс материалдарын және іске байланысты шағымдар мен қатысушы тұлғалардың түсініктемелерін қарастыру;

3) прокурордың қорытындысы;

4) апелляциялық қаулыны жариялау.

Азаматтық істер бойынша сот алқасының төрағасы апелляциялық шағым мен наразылық келтірілген істі алып, оны қарастыруға әзірлеу үшін сот мүшесінің біреуіне тапсырма береді; сот алқасының мүшесі іс материалымен, шағым немесе наразылықпен, тіркелген қосымша құжаттармен қоса түгелдей танысып, бірінші сатыдағы соттың нормативтік құқықтық актілерді дұрыс қолдануын тексереді. Белгіленген уақытта апелляциялық сатыдағы сот төрағалық етуші және соттың екі мүшесінің қатысуымен істі қарайды.

Төрағалық етуші апелляциялық сатыдағы сот мәжілісін ашып, қандай іс, кімнің шағымы немесе наразылығы бойынша және қай соттың шешімі қаралып отырғанын хабарлайды. Сосын төрағалық етуші іске қатысушы тұлғалардың қайсысы келгенін, өкілдерінің келгенін, олардың жеке басын анықтайды, іске қатысушы өкілдердің өкілеттігін тексереді. Іске қатысушылардың келуін анықтап болған соң төраға апелляциялық сатыдағы соттың құрамын және егер істің қаралуына қатысып отырса, прокурорды,

мамандарды хабарлайды және іске қатысушыларға қарсылық білдіру құқықтарын жариялайды (ҚР АІЖК, 351 бап).

Апелляциялық іс жүргізуде судьяға қарсылық білдірудің негізі болып істі негізі бойынша қарау кезінде негіз болған мән-жайлар болады. Қарсылық білдіру құқығын білдірген соң төрағалық етуші іске қатысушы тұлғаларға қалған процессуалдық құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

Төрағалық етуші тараптарға процессуалдық құқықтыры мен міндеттерін айқындау барысында мынандай процессуалдық құқықтарға назар аудару керек: бітімгершілік келісімін жасасу, дауды медиация тәртібімен қарау, талапкердің талаптан бас тартуы, сонымен қоса олардың тек құқықтарын ғана түсіндіру емес және олардың процессуалдық салдарын түсіндіру қажет. Сот мәжілісінің әзірлеу сатысында іске қатысушы тұлғалардың сот мәжілісіне келмей қалуына байланысты олардың қатысуынсыз істі қарастыру мүмкіндігі туралы мәселе шешіледі.

Істің қаралатын уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланбаған іске қатысушы тұлғалардың біреуі сот мәжілісіне келмеген жағдайда сот істі қарауды кейінге қалдырады. Апелляциялық сотта істі қарау төрағалық етуші мен немесе сот мүшелерінің баяндамасымен басталады. Баяндамашының негізгі басты міндеті болып бірінші сатыдағы соттың іс материалдарын, қорытындысын объективті және толық баяндау табылады. Баяндамашы істің мән-жайларын арыз беруші немесе талапкердің көрсетуі бойынша, сосын сот оны қалай анықтаса, сол күйінде, жауапкердің талапқа қатысты пікірін, сот шешімінің мәнісі туралы баяндауы тиіс. Баяндамадан кейін сот мәжіліске келген іске қатысушы тұлғалардың, өкілдерінің түсініктемесін тындайды (ҚР АІЖК, 376 бап).

Іске қатысушы тұлғалар мен олардың өкілдері түсініктеме берген кезде шағым негізінде қосымша мәліметтер беруге және шағымда көрсетілмеген басқа да мәліметтер бере отырып, шешімнің өзгертілуін немесе күшін жоюды талап етуге құқылы. Іске қатысушы тұлға түсінік беру кезінде сотқа қосымша материалдар ұсынуға құқылы. Бірінші болып шағым берген тұлға және оның өкілі сөз айтады, ал егер прокурордың наразылығы қаралып жатырса, онда ол бірінші болып сөйлейді. Шешім тараптардың екеуімен шағымдалған жағдайда бірінші болып талапкер сөйлейді, себебі бірінші сатыдағы сотта істі қозғаған тарап болып табылады. Тараптар сөйлеп болған соң үшінші тұлғаға сөз беріледі. Іске қатысушы тұлғалар сөйлеп болған соң бір-біріне сұрақ қоя алады. Апелляциялық соттың мүшесі, тараптардың түсініктерін тындап болған соң олардың түсініктерінде айтылмаған мән-жайларды анықтау үшін сұрақтар қоя алады.

Судьялар және прокурор іске қатысушы тұлғалардың пікірін, олардың іс материалдарына қатысты көзқарастарын білуге құқылы.

Төрағалық етуші іске қатысушыларды тындап және жазбаша дәлелдемелерді зерттеп болған соң арыз берушіге, кейін жауапкерге қосыма мәліметтермен толықтыруға болатындығын айтады. Мұндай толықтыру жөнінде егер онымен наразылық білдірсе, прокурорға да айтады, (ҚР АІЖК 356 бап).

Соттағы жарыссөз аяқталысымен прокурор қорытынды береді. Апелляциялық сатыда іс бойынша қорытынды беретін прокурор міндетті түрде қатысады. Прокурордың қорытындысы ауызша түрде болуы тиіс. Ол қорытындыда бірінші сатыдағы сот шешімінің заңға немесе негіздемелерге сәйкестігі бойынша өз пікірін айтуға тиіс. Прокурордың қорытындысы дәлелдемелерге сүйенген, негізді болуы тиіс: прокурор шешім қабылдаған сотпен жинақталған дәлелдемелерге қатысты талдау жасауы керек, оларға төменгі сотпен берілген құқықтық бағаның дұрыстығы және бірінші сатыдағы соттың материалдық құқық нормасын қолдану және оған берген түсінігі туралы өз пікірін білдіреді. Қорытынды берген кезде прокурор апелляциялық сатыдағы сотқа берілген қосымша материалдарға талдау беруге ерекше көңіл бөлу керек.

Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі. ҚР АІЖК 358 бабына сәйкес, апелляциялық сатыдағы сот:

1) шешімді өзгеріссіз, ал шағымды немесе наразылықты қанағаттандырмай тастауға;

2) бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертуге;

3) бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюға және жаңа шешім шығаруға;

4) ҚР АІЖК 364 бабында көзделген материалдық немесе іс жүргізу құқығы нормаларының бұзылғаны анықталған жағдайда шешімнің күшін жойып, істі бірінші сатыдағы соттың жаңадан қарауына жіберуге;

5) ҚР АІЖК 247 және 249 баптарында көзделген негіздері бойынша шешімнің толық немесе бір бөлігіндегі күшін жоюға және іс бойынша сот өндірісін тоқтатуға не арызды қараусыз тастауға құқылы.

Апелляциялық тәртіпте сот шешімін өзгерту мен күшін жоюдың негіздері.

Апелляциялық сатыдағы соттың актілері. Қаулы шығару – апелляциялық сатыдағы сотта істі қараудың қорытынды және жауапты сатысы болып табылады.

АІЖК 356-1бабына сәйкес, апелляциялық сатыдағы сот істі бірінші сатыдағы сот үшін көзделген қағидалар бойынша қарай келіп, істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар қосымша материалдарды, алынған сараптамалық қорытындыларды зерттеу, отырысқа шақыртылған тұлғалардан жауап алу қажет болған жағдайларда сот отырысының хаттамасын жүргізгеді. Апелляциялық сатыдағы сот сондай-ақ өз бастамасы немесе тараптардың өтініші бойынша сот отырысының хаттамасын жүргізуге құқылы болып табылады.

Осыдан кейін ҚР АІЖК 357 бабына сәйкес, іске қатысушылардың түсініктемелерінен және прокурордың қорытындысынан кейін сот апелляциялық қаулы шығару үшін кеңесу бөлмесіне шығарылады.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысының толық мәтіні бес күндік мерзімде шығарылуы тиіс. ҚР АІЖК 360 бабына сәйкес, апелляциялық соттың қаулысының мазмұнында:

- қаулының шығарылған уақыты мен орны;

- соттың атауы, сот құрамы;
- апелляциялық шағым немесе наразылық берген тұлға;
- шешімнің, апелляциялық шағымның істі апелляциялық сатыда қарау кезінде оған қатысушы адамдар табыс еткен дәлелдемелердің, түсініктемелердің қысқаша мазмұны;
- соттың өз қорытындысын жасауға әкелген себептер және сот басшылыққа алған заңдарға сілтеме;
- сот қаулысы көрсетілуі тиіс.

Бірінші сатыдағы соттың шешімінің күшін жойған және жаңа шешім шығарған кезде апелляциялық сатыдағы соттың қаулысында сол бойынша бірінші сатыдағы соттың шешімінің күші жойылған негіздер, апелляциялық сатыдағы соттың қорытындылары және оның шешімі көрсетілуге тиіс.

ҚР АІЖК-нің 360 бабы апелляциялық соттың қаулысының мазмұнын қарастырады. Апелляциялық қаулы мазмұны бойынша төрт бөлімнен тұрады:

- кіріспе;
- сипаттау;
- дәлелдеу;
- қарар.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулылары ҚР АІЖК-нің 368 бабына сәйкес, егер оларға шағым жасалмаса немесе наразылық берілмесе, оларға кассациялық шағымдану, наразылық беру мерзімі өткеннен кейін заңды күшіне енеді.

Апелляциялық сатыдағы сот істі қарап болған соң оны бірінші сатыдағы сотқа қайтарады (ҚР АІЖК-нің 369 бабы).

Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымдарын шағымдау, наразылық беру. Азаматтық іс жүргізу заңы апелляциялық тәртіпте тек қана шешімді емес, сонымен қатар бірінші сатыдағы сотпен қабылданған ұйғарымды да шағымдауды қарастыра алады. Ұйғарым шешіммен бірге немесе жеке шағымдалуы немесе жеке наразылық келтірілуі мүмкін.

Жеке шағым немесе жеке наразылық бірінші сатыдағы соттың барлық ұйғарымдарына берілмейді. ҚР АІЖК-нің 344 бабының 1 бөлімі бойынша мынадай жағдайларда жеке шағым немесе жеке наразылық беріледі:

1. ҚР АІЖК-нің нормаларымен қарастырылса;
2. сот ұйғарымы істің одан әрі жүруіне кедергі келтіргенде.

Мысалы келесі ұйғарымдарды атап өтуге болады: сот өндірісін тоқтату немесе тоқтата тұру; арызды қараусыз қалдыру; сараптама тағайындау туралы; талапты қамтамасыз ету туралы; талап арызды қайтару туралы; қосымша шешім шығарудан бас тарту туралы және т.б.

Бұлардан басқа ұйғарымдарға жеке шағым немесе жеке наразылық берілмейді, бірақ оларға қарсылық апелляциялық шағымға немесе наразылыққа кіргізілуі мүмкін (ҚР АІЖК-нің 344 бабының 2 бөлімі).

Аудандық немесе облыстық соттардың бірінші сатыдағы сот ретінде істі қарауы кезінде шығарылған ұйғарымына жеке шағым, наразылық апелляция-

лық сатыға ұйғарым шығарылған күннен бастап 15 күн ішінде беріледі (ҚР АІЖК-нің 344 бабының 4 бөлімі).

Жеке шағымды (наразылықты) беру мен қараудың тәртібі апелляциялық шағымды беру мен қараудан ажыратылады: біріншіден, бірінші сатыдағы соттың ұйғарымына жеке шағымға баж салығы салынбайды (Салық кодексінің 501 бабының 14-тармағы). Тек орындау қағазының дубликатын беру туралы соттың ұйғарымына ғана баж салығы салынады.

Екіншіден, жеке шағым берілгенде апелляциялық сатыға барлық іс емес, тек жеке шағымды қарау үшін қажетті құжаттар жіберіледі.

Үшіншіден, апелляциялық сот материалдық-құқықтық дауға қатысты емес процессуалдық сипаттағы сұрақтарды қарастырады. Айрықша жағдайларда талапкердің талаптан бас тартуына байланысты немесе бітім келісімін жасасуына байланысты бірінші сатыдағы соттың өндірісті тоқтату туралы ұйғарымын қарастырғанда ғана мүмкін.

Апелляциялық саты жеке шағымды немесе жеке наразылықты қарастыра отырып:

1. бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын өзгеріссіз қалдыруға, ал шағымды немесе наразылықты – қанағаттандырмауға;
2. ұйғарымды толығымен немесе ішінара жоюға және бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберуге;
3. бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын толығымен немесе ішінара жоюға және негізі бойынша шешуге құқылы.

Жеке шағымды немесе жеке наразылықты қараудың нәтижесінде апелляциялық қаулы шығарылады (ҚР АІЖК-нің 344 бабының 6 бөлімі). Ол шағымдалуға, наразылық келтіруге жаппайды және дереу заңды күшіне енеді.

Қорытынды

Апелляциялық шағымданудың бірнеше маңызды тұстарын атап өту қажет, оларға:

1) апелляция институты соттық қорғау құқығын жүзеге асыруды кепілдендіруге мүмкіндік береді, себебі іс жан-жақты қайта қаралады.

2) апелляция институты соттық әділеттілікті жүзеге асыруда белгілі бір жылдамдық пен нақтылыққа қол жеткізеді.

3) апелляция институты біртекті сот тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, себебі, апелляциялық сот актілері бірінші сот сатысы үшін бағдар болып табылады.

Апелляциялық институт бірінші сатыдағы заң күшіне енбеген сот шешімдері мен ұйғарымдарының заңдылығын және негізділігін тексеру бойынша апелляциялық соттың қызметін реттейтін азаматтық-процессуалдық нормалардың жиынтығы.

Апелляциялық өндіріс **іс жүргізудің деңгейі ретінде** – жеке мақсатқа қол жеткізуге бағытталған белгілі бір шеңбердегі процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бөлігі.

Апелляциялық шағымдану институты келесі мақсаттарды көздейді:

4. бірінші инстанция бойынша заңды күшіне енбеген сот шешімдерімен ұйғарымдарының заңдылығын және негізділігін тексеру;

5. бірінші инстанция соттарының дұрыс шешімдерді шығаруын қамтамасыз ету;

6. іске қатысатын тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауына кепілдік беру.

Апелляциялық шағымдану институтының **негізгі мақсаты** бірінші сатыдағы соттың істің нақты мән-жайын дұрыс анықтау жолымен қайта қарау, материалдық құқықтың нормаларын қолдану және түсіндіру, істерді қарастыру мен шешуде азаматтық процессуалдық құқықтың нормаларын сақтау табылады.

Апелляциялық шағымдану - жоғары тұрған соттың құқықтары мен міндеттерін туындататын заңдық күшіне енбеген шешімдерді тексерудегі қажетті және бір ғана процессуалдық әрекет.

Нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
2. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы Заңы. (2015.31.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
3. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 ж. 21.12. Заңы. (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» №2 нормативтік Қаулысы. 20.03.2003 ж. (2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.

Қолданылған әдебиеттер

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Ерекше бөлім. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.-289 б.
2. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Астана: ФОЛИАНТ, 2006.-388 б.
3. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие- 2-е изд., перераб. и доп. Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2011- 530с.
4. Нурмашев У. У. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс: учебное пособие. Алматы : NURPRESS, 2012 - 476 с.
5. Баймолдина З.Х. Производство по пересмотру судебных актов по гражданским делам: Учебное пособие Алматы: ҚазМЗУ, 2002.
6. Туманова Л. В. Гражданское процессуальное право [Электронный ресурс]: электронный учебник. М.: КНОРУС, 2011